

**«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АДАЛ АНАСЫ,  
ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ – ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА»**

**Оразалиева Айдана Нұрлан қызы**

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

**Жандос Абдазимович Байзаков**

Ғылыми жетекшісі:

E-mail: @orazalivaaydana@gmail.com

**Аннотация:** «Құрмет белгісі», «Достық», «Парасат» ордендерінің иегері, Өз шығармасының басын жерлесі Махамбеттен үйреніп бастаған, Пайғамбарды (с.ғ.с) өзінің көршілес ағаларының бірі деп ойлаған, Махаббатта жолы болмаған, 10 бауырынан шетінен айрылып өксіп қалған, Шерхан Мұртазаның шақыртуымен Алматы қаласына келіп өзінің жаңа өмірін бастаған, Халыққа білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам өзгеріп қулар қырық құбылған кезде өз қалпын жоғалтпаған, Журналист болуды армандайды бірақ оны кейбір жандар менсінбейді, анасының қалауынан аттай алмай педагогикалық институтының филология факультетінде оқуға тапсырады.

**Кілтті сөздер:** Ер мінезді, поэтикалық рухы, бозжорғасын, азан шақырып, пайғамбар, ислам әлемінде, «Ақ Желке», әйел жаны, Фариза, шындыққа бас ию, тіреуіш, бақилық, тұяғы, хас дүлдүл, апат, ашылмас құлып, ақиық ақын, поэзиясы падишасы, әдебиет алаңындағы муза.

## «FAITHFUL MOTHER OF KAZAKH POETRY, KING OF POETRY – FARIZA ONGARSYNVA»

**Abstract:** The owner of the «Badge of Honor», «Friendship», «Parasat» orders, He began to learn the beginning of his work from his countryman Mahambet, He thought that the Prophet (pbuh) was one of his neighboring brothers, He was unlucky in love, He lost his 10 siblings, who came to Almaty and started his new life at the invitation of Sherkhan Murtaza, the best of public education, the folk writer of Kazakhstan, who did not lose his shape when the society changed and changed, he dreams of becoming a journalist, but some people despise him, he cannot go to the philology faculty of the pedagogical institute because of his mother’s wishes submits.

**Key words:** Masculinity, poetic spirit, bleating, call to prayer, prophet, in the Islamic world, «Ak Zelke», female soul, Fariza, obedience to truth, support, immortality, hoof, khas duldil, accident, lock if not opened, a pure poet, a king of poetry, a muse in the field of literature.

Фариза!  
 Фаризажан, Фариза-қыз,  
 Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.  
 Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,  
 Бірімізден біріміз арылармыз.  
 Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,  
 Шаң басқан архивтерден табылармыз.

( Мұқағали Мақатаев)

**Кіріспе:** Фариза Оңғарсынова-көркемсөз майданында ақын мен жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақын. Ақынның өлеңдері кейінгі ұрпақты

ерлікке, нәзік болуға, туған жер мен адамзатты сүюге апаратын жол іспетті. Бітімі жұқалтаң болсада болмысы мұқалмайтын поэтикалық рухы мықты қызды қаламы қарымды зиялы қауым түгел мойындап, «Қазақ поэзиясының ақ адал анасы» деп оның алдында бас иген. Фаризаны ер мінезді өжет, ақиық ақын, және де поэзия падишасы, әдебиет алаңындағы муза деп айтсақта еш әбестік емес. Фариза ең алдымен өз жерлесі Махамбеттің өлеңдерін оқып туған өлкесінің қиын қыстау мәселелерін ой зердегінен өткізіп шыққан жан. Ақын «Құрмет белгісі», I дәрежелі «Достық», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде Махамбет өлеңдерінің екпіні, Махамбет өлеңдерінде ғана кездесетін, лирикамен қатар жүретін ашу-ыза екпіні бар. Фаризаны мақтау қажет емес, мақтану керек», – өз ойын жәй ғана білдіріп қоймай мақтан ету керектігін айтады.

**Негізгі бөлім:** Фариза Оңғарсынова 1939 жылы 5 желтоқсан күні қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданында, Манаш ауылында дүниеге келген. Оның есімін Манаш ауылындағы Насимолла деген молдаға әкесі бозжорғасын беріп азан шақыртып қойған. Фариза есімі – бірегей деген мағынаны білдіреді. Әкесі – Иманғалиев Оңғарсын елге сыйлы, абыройлы адамдардың бірі болған. Балықшы болып жұмыс атқарған. Өз отбасына тіреуіш болған Оңғарсын аштық жалмаған кезеңдерде де өз отбасын еш қыйналмай, білімділігі мен біліктілігінің арқасында алып шығады. Әкесі жұмыстан келе жатып небәрі 49 жасында көз жұмады. Әкесі бақилық болған кезде Фариза сол жайлы неше түрлі кітаптар оқып өз білімін жетілдірген. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарды көршілес ағаларының бірі деп ойлап жүреді. Одан бөлек анасы Қалима да оған өз білгенімен бөлісіп, қызына үйретіп, әңгімелер айтып беруден еш жалықпаған. Фаризаның 10 бауыры болады. Әкесінен айырылған соң оның аға, әпкелері де соғыс кезеңдерінде көз жұма бастайды. Өкініштісі анасы оларға дәрі-дәрмек тауып бере алмай мың әуре болады. Соған қарамай Фариза қайсар мінезді қыз болып өсіп жетіледі. Фаризаны бір көрген жандар өте қатал мінезді жан деп ойлайды. Шынында

Фариза өтірікті ағыта сөйлеп, жағымпаздық жасаған адамдарды ұнатпайтын болады. Құранда «Ақиқат айтылмаса, адам адасады» дейді. Бізде ақиқатты айта алатын адамдар аз. Әсіресе, өнер адамдарының, сөз өнерімен айналысып жүрген зиялы қауымның арасында. Осы тұрғысынан да мен ол кісіні мойындаймын», — деді Роза Мұқанова. Оның жалғыз ұлы Анвар анасының жұрт ойлағандай қатал еместігін айтады. Және Фариза Алматыға көшіп кеткен кезінде оның баласы анасының тәрбиесінде болады. Фаризаның әдебиетке деген қызығушылығын оятқан оның анасы болады. Осылайша хат танып үйреніп, келіп Фариза жаратушы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар жайлы ерен еңбегін жазады. Оған тек қарапайым халық таң қалып қоймай ислам әлемінде жүрген жандар да таңырқап қалады. Пайғамбарды туғанындай таныған адам секілді шығармада бар білгенінің бірін қалдырмай қағаз бетіне түсіреді. Фариза туған жеріне пайдам тисін деген ниетпен милерациялық инженер болуды армандайды. Мектептегі оқуын бітіріп Фариза Гурьев қаласына (қазіргі Атырау) келеді де физика, математика мамандығы бойынша оқымақ болады. Бірақ анасы қызының таңдаған жолын құптамайды. Себебі Фаризаның дарыны жолда қалып кетема деп алаңдайды. Фариза анасының қалауын аттап кете алмай көп ұзамай Педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Ер мінезді өжет қыз оқуын бітіріп, өз ауылына қайта оралады. Фариза жерлестерінің білімді болуына қол ұшын созып оларға қазақ тілі, әдебиет және орыс тілдерінен сабақ бере бастайды. Осылай жүріп жүргенде көзді ашып жұмғанша 5 жылда өтіп кетеді. Ақын қыз өз өмірінің күйбең тірлігін өзгерткісі келіп қалаға ат ізін салғысы келеді. Қайнаған тіршіліктің ортасына түсіп журналист болуды армандайды. Мектептегі жұмысын тастап қалаға баруға бет бұрады. 1968–1970 жылдары аралығында Фариза Республикалық «Лениншіл жас» газетінің бүткіл Батыс Қазақстан аумағы бойынша меншікті тілшісі болып жұмыс жасайды. Одан соң Шерхан Мұртазаның шақыртуымен Алматы қаласына келеді. Жас ақынның жана өмірі осы кездерден басталады. 1970–1978 жылдары аралығында Фариза

«Қазақстан пионері» газетіне редакторлық қызметін атқарады. Одан соң 1978–1996 жылдары қазіргі «Ақ Желке» журналының бас редакторы болады.

Фариза қай жерде болсада өзінің өзет мінезі, қайтпас қайсарлығынан еш талмайды. Өзінің жазған туындыларын шығару үшін Фариза көп шалдығады. Әр туындысын қорғау үшін бар күш-қуатын жұмсап, сын-кедергілерге қарамастан романтикалық өлеңдер жазуды тоқтатпайды. Фаризаның алғашқы өлеңдері 1958 жылдан бастап шыққан. Әр жылы кем дегенде 20 ға жуық таңдамалы шығармалары, очерктері, өлең жинақтары жарық көрген. Ақынның шығармашылық жолында 40 тан астам жинақтары жарық көреді. Әрі ол жинақтары кеңестік жазушыларының ең үздік таңдамалыларының топтамасына енген. Фариза тек қазақ тілімен ғана шектеліп қалмай орыс халқының туындыларын да қазақ тіліне аударып отырған. Фаризаның өлеңдерінде еш бір жасандылық жоқ, қоғамдағы адам мінездерінің келеңсіз жағдайларын дәл нысанаға алғандығы мен ерекшеленіп отырған. Ақынның басты мақсаты тек шындыққа бас ию болған. Оның ең алғаш басып шығарған кітабы «Бұлбұл» деген атпен 1967 жылы жарық көреді. Фариза Қазақстан КСР мемлекеттік сыйлықтың лауреатымен «Үйім – менің Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» туындыларының арқасында марапатталады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік ағарту істеріне еңбегі сіңгені үшін 1976 жылы «Құрмет белгісі», 1966 жылы «Парасат» ордендерімен біршама марапаттарға қол жеткізеді. Одан бөлек Халыққа білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның халық ақыны, Қазақстан мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атты мәңгі есте қаларлық сыйлақтар мен дәрежелерге жеткен.

Өзгелер үшін Фариза қыздың жеке өмірі жұмбақ болатын. Ол ешқашан өзінің жүрек сырын, сезімін ешкімге тіс жарып айтқан емес. Жанына ең жақын жандардың бірең сараны ғана оның өмірінде қайталанбас ғажап сезім, махаббаттың ыстық оты болғанын білген. Фаризаның басталмай тұрып біткен махаббат оқиғасы аянышты. Екеуі үйленеміз деп жүрген шақтарында жігіт мотоциклмен апатқа ұшырап көз жұмады. Фаризаға бұл қайғылы оқиға қатты

әсер етеді. Содан киін жүрегіне ашылмастай етіп құлып салып, алғашқы махаббаты жайлы ыстық естеліктерді мәңгі жадында сақтайды. Одан соң қызға биік лауазымды адамдар сөз салып қоймайды. Бірақ Фариза оларға қарсылық білдіріп жоқ деген жауап қайтарады. Фаризаға мәңгі есте қалатындай етіп Мұқағали Мақатаев өз өлеңін жазған. Бірақ жұрттар оны басқаша түсініп екеуінде бір жасырын сезім бар деген ойға келеді. Шынтуайтында екі ақын поэзиялық тілмен сөйлескен бірі-біріне өз сөздерін солай жеткізген.

Фариза әйел жанын түсініп, махаббаты мен арманы жанының құпиясы жайлы да туындылар жазады. Айта кететін жағдайдың бірі соғыс майданында елі, жері, Отаны үшін күрескен батыр қыздар Әлия мен Мәншүк тағдырына «Тыңдандар бос адамдар» дастанын, трагедияларын арнаған. Қазақтың композитор қызы Ғ.Жұбановға «Дыбыстар әлемі» дастанын, күйші Д.Нұрпейісоваға «Бибігүл-ән» жырын, Р.Бағланована «Жыр анасы» өлең жолдарын да арнап жазған. Фаризаның жанрларында әйел деген нәзік жандылардың көңіл-күйі, бар сезімі дауылды күйде өріліп қағаз бетіне түсіріледі. «Қыз махаббаты», «Қыз сөзі», «Шығыстағы ару қыз», «Парсының сұлулары», «Әйел тілегі», «Әйелдің монологы», «Қызыл тымақты қыз», «Қыз-ғұмыр» атты жырлары ақынды әйел адамының жиынтық бейнесін сомдаушы қаламгер ретінде танытады. Одан бөлек «Сандуғаш» 1966 жылы, «Мазасыз шақ» 1972 жылы, «Асау толқын» 1973 жылы, «Көгершіндерім» 1974 жылы, «Биіктік» 1975 жылы, «Біздің Кәмшат» 1976 жылы, «Сенің махаббатың» 1978 жылдары жарық көрген туындылары бар. Фариза – өз заманының ар-ұжданы. Фариза болашақ үшін өмір сүрген. Әлденеге мұнайып өмір өзенінің қатал ағасы оны жағаға шығарғысы келгенде, кейбір жандардың пасық әрекеттерін көргенде, кешегі досы бүгін бос адам болғанын байқаған кезде оның мұңын шағатын, түсінетін тек – поэзия болған. Фариза – ұстамды, сабырлы, намысшыл, жігерлі әйел заты. Осынау ерекше қасиеттерін сырқат болған шағында да жоғалтпаған. Аурухана палатасында жатқанда да өз өлеңдерін жазуды тоқтатпаған. Фариза жаман ауру болдым деп еш мұнаймай өзінің өжеттілігін, қайсар мінезді қайсарлығын

жоғалтпаған. Фариза өзіне жүктелген миссияны орындап қалың оқырман қауымының жүрегінен ойып аларлықтай орын алады. Фариза 2014 жылы 23 қаңтар күні 75 жасқа қараған шағында аты құрғыр рак ауруымен біраз жылдар ауырып төсек тартып көз жұмады орны толмас өкінішті қаза болады. Қанша дегенмен сұмдық ауру бір күні емес бір күні адамды жүдетіп өз дегенін жасайды екен. Оның қайғысы бүкіл қазақ жұртын дүр сілкіндіргендей болды. Отбасына оңай болмады. Дегенмен ақын артында талай ұрпаққа сый болатындай өшпес мұра мен өшпес із қалдырды.

**Қорыта айтқанда** Фариза Оңғарсынова қазақтың өр мінезді қайтпас қайсар мінезді қыздарының бірі. Оның жарқын бейнесі, әйел жанының нәзіктігімен жүрегіндегі сеземін өлең жолдары жеткізгені мәңгі санамызда сақталады. Фариза өлмейтін өлең жазып өз есемін де тарих беттерінде жазып кетті. Фаризаның әкеге деген сағынышы анаға деген махаббаты әрбір жас ұрпаққа, қазақ халқына үлгі боларлықтай жағдай. Өмір жолында еш бір қиын кезеңдерден сүрінбей, өз ізін қалдырған атын мәңгі жадымызда сақталатын тұлға. Ақын қыздың шашы ағарғаны мен оның өңі рухы еш аласарған емес. Фариза елінің ержүрек ақын қызы. Ол заман өзгеріп, қоғам өзгеріп қулар қырық құбылған кезде де өз қалпынан таймай өр тұлғасын тік ұстаған батыл қыз. Фариза Оңғарсынова — поэзияда да, прозада да тұяғы мұқалмаған хас дүлдүл деуге болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)**

1. Әбіш Кекілбаев «Фаризаға Оңғарсыноваға арналған естелік кітап» Алматы 2018 ж.
2. Әбділда Тәжібаев «Поэзияның дүлдүлі прозаның шебері» Алматы 1989 ж.
3. Ақұштап Бақытгереева «Менің Фариза» шығармасы. М: 1987 ж.